

**БЕКІТЕМІН**  
**«Шығыс Қазақстан**  
**облысының**  
**білім басқармасы» ММ**  
**басшысы**



**К. Оқасов**  
**2026 ж.**

**Ұлы Жеңіс күніне арналған**  
**телекөпір форматында өтетін**  
**«Соғыстан зардап шеккен балалық»**  
**халықаралық конференция**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**Өскемен қ., 2026 ж.**

*Ақсау* *Шығай*

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Конференция Ұлы Жеңіс күнін мерекелеу және «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру аясында, «Тәуелсіздік пен патриотизм» және «Бірлік пен ынтымақтастық» құндылықтарын насихаттау мақсатында өткізіледі.

1.2. Іс-шара жақын шетел елдері арасындағы мәдени, білім беру және ғылыми байланыстарды дамытуға, сондай-ақ тарихи естелікті сақтау арқылы бауырлас қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған.

1.3. Аталған Ереже «Соғыстан зардап шеккен балалық» халықаралық конференциясын (бұдан әрі – Телекөпір) өткізудің мақсаттары, міндеттері, өткізу тәртібі мен ұйымдастыруын анықтайды.

1.4. Конференцияны ұйымдастырушы – Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы және «Құмаш Нұрғалиев атындағы Жоғары колледж» жеке меншік мекемесінің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы.

1.5. Телекөпір 04.05.2026 ж. «Құмаш Нұрғалиев атындағы Жоғары колледж» жеке меншік мекемесінің базасында өткізіледі: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Протозанова көшесі, 87.

1.6. Өткізу форматы - заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан (телекөпір) жүзеге асырылады.

## 2. Телекөпірдің мақсаты мен міндеттері

**Мақсаты:** Соғыстың балаларға тигізген тағдырын түсіну арқылы Ұлы Отан соғысындағы тарихи естеліктерді сақтау.

**Міндеттері:**

- Соғыс балаларын, олардың тағдырларын және Жеңіске қосқан үлестерін еске сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу;
- Патриотизм, азаматтық сана және өз елінің болашағына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- Жеке естеліктер, архивтік материалдар және зерттеу жұмыстары арқылы тарихты үйренуге қызығушылықты арттыру;
- Телекөпір форматы арқылы конференция қатысушылары арасындағы халықаралық ынтымақтастық пен диалогты нығайту;
- Білім алушылардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, ардагерлер мен үлкендерді құрметтеу сезімін арттыру;
- Педагогтар арасында патриоттық тәрбие мәселелері бойынша тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау.

### **3. Телекөпірді өткізу тәртібі**

3.1. Телекөпірге Қазақстан мен жақын шетел елдерінің (серіктестік бойынша) барлық қызығушылық танытқан мектеп оқушылары мен студенттері шақырылады.

3.2. Телекөпір онлайн режимде Zoom платформасында өткізіледі (сілтеме кейін беріледі).

3.3. Қатысу үшін келесі материалдарды ұсыну қажет:

- 20.04.2026 ж. дейін бекітілген үлгі бойынша өтінім (1-қосымша);
- баяндама тақырыбы;
- презентация және баяндама.

Баяндама 5 парақтан аспауы керек. Материал А4 форматында, Times New Roman шрифті, 14 кегль, 1 интервалмен рәсімделеді (2-қосымша).

3.4. Қатысушылардың сөз сөйлеу регламенті:

- баяндама – 5-7 минут;
- талқылау - 3 минутқа дейін.

3.5. Негізгі бағыттар:

- «Соғыс балалары: тағдырлар мен естеліктер»;
- «Соғыс туралы естелікті сақтау жолындағы отбасының рөлі»;
- «Білім беру ортасындағы патриоттық тәрбие».

### **4. Телекөпір ұйымдастыру комитеті**

Ұйымдастыру комитеті Телекөпірдің өткізу жоспарын құрады, қатысушыларды хабардар етеді, үйлестіру жұмыстарын жүргізеді және марапаттау рәсімдерін ұйымдастырады.

### **5. Телекөпірдің қорытындыларын шығару**

5.1. Телекөпір нәтижесінде әр бағыт бойынша ең қызықты жұмыстар қоғамдық ұйымдардың тарапынан дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

5.2. Ең үздік баяндамалар таратуға ұсынылуы мүмкін.

### Телекөпірге қатысуға өтінім

| № | Оқу орнының атауы | Жоба авторының аты-жөні, байланыс телефоны, электрондық поштасы | Бағыты | Тақырып атауы | Жетекшінің аты-жөні, электрондық поштасы және байланыс деректері |
|---|-------------------|---|--------|---------------|--|
|   |                   |   |        |               |  |

Жетекшінің қолы:

Күні:

1. Жұмыс материалы электрондық түрде Microsoft Word редакторында ұсынылуы тиіс.

2. Көлемі – 5 параққа дейін, бет форматы – А4; жиектері – стандартты; беттер нөмірленбейді.

3. Тақырып бас әріптермен жазылады, қаріп Times New Roman 14, жартылай қалың, ортасына тураланады.

4. Автордың аты-жөні екі жолдан кейін кіші әріптермен жазылады, қаріп Times New Roman 12, орналасуы – оң жақта, жартылай қалың курсивпен; одан кейін жетекшінің аты-жөні мен қызметі көрсетіледі.

5. Ұйымның атауы келесі жолда көрсетіледі, қаріп Times New Roman 12, қалыпты, курсив, орналасуы – оң жақта.

6. Мәтін Times New Roman 14 қарпімен, қалыпты түрде теріледі; абзацтық шегініс – 1,25 см; ені бойынша туралау, автоматты тасымал; суреттер мен кестелердегі мәтін – Times New Roman 10, жоларалық интервал – 1.